

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Солтүстік Атлантика Шарты Ұйымы арасындағы НАТО байланыс офицерінің Қазақстан Республикасында болу және қызмет ету шарттары туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 383 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Солтүстік Атлантика Шарты Ұйымы арасындағы НАТО байланыс офицерінің Қазақстан Республикасында болу және қызмет ету шарттары туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Солтүстік Атлантика Шарты Ұйымы арасындағы НАТО байланыс офицерінің Қазақстан Республикасында болу және қызмет ету шарттары туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді ратификациялау туралы

2007 жылғы 7 қыркүйекте Брюссельде және 1 қарашада Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Солтүстік Атлантика Шарты Ұйымы арасындағы НАТО байланыс офицерінің Қазақстан Республикасында болу және қызмет ету шарттары туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім ратификациялансын

Қазақстан Республикасының

Президенті

SG (2007) 0626

07 September 2007

Мәртебелі мырза,

1. Мен Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Солтүстік Атлантика Шарты Ұйымы (НАТО) арасындағы өзара іс-қимыл шараларын жақсарту талпынысына сілтеу жасауды құрмет санаймын. Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзара іс-қимыл шараларын жақсарту Еуро-Атлант әріптестігі Кеңесі (ЕАӘК) мен "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасы шеңберінде қарым-қатынас жасауда елеулі рөл атқаратындығын, НАТО-ның Орталық Азия мен Кавказ өңіріне ерекше назар аударуын

орталықтандыру туралы шешімін жақсы түсінуге ықпал ететінін назарға ала отырып, сондай-ақ Қазақстанның НАТО-мен өзара іс-қимылды кеңейту ұсынысына жауап ретінде және 2004 жылы Стамбул саммитінде НАТО қабылдаған шешімге сәйкес Солтүстік Атлантика Шарты Ұйымының НАТО/БЖӘ байланыс офицерін тағайындауды ұсынуды құрмет санаймын.

2. НАТО/БЖӘ байланыс офицері "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" (БЖӘ) бағдарламасы шеңберінде ынтымақтастық мәселелеріне жауапты Қазақстан Республикасының тиісті құрылымдарымен, олардың аппаратымен іс-қимылды жүзеге асыруға; Қазақстан Республикасы мен НАТО арасындағы іс жүзіндегі ынтымақтастыққа ықпал етуге; "Жоспарлау және талдау процесі" бағдарламасы (ЖТП), Әріптестік іс-қимылдарының жеке жоспары (ӘІЖЖ), Қорғаныс құрылысы жөніндегі әріптестік іс-қимылдарының жоспары (ҚҚ-ӘГЖ) және Терроризмге қарсы күрес жөніндегі әріптестік іс-қимылдарының жоспары (Т-ӘІЖ) шеңберіндегі ынтымақтастық бағдарламалары мен іс-шараларын іске асыру жөнінде көмек көрсетуге және консультациялар беруге тиіс.

2.1. НАТО/БЖӘ байланыс офицері сондай-ақ өңірдегі басқа да мемлекетпен (мемлекеттермен) осындай қызметті жүзеге асыра алады.

2.2. НАТО/БЖӘ байланыс офицері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігін өзінің Қазақстан Республикасында болмаған кезеңі туралы хабардар ететін болады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен НАТО НАТО/БЖӘ байланыс офицерінің қызметі, атап айтқанда мыналарды қамтитындығына келіседі, атап айтқанда :

(a) Қазақстан Республикасының өкіметіне ӘІЖЖ, ҚҚ-ӘІЖ, ЖТП, Т-ӘІЖ-ны іске асыруда консультациялар беру және жәрдемдесу;

(b) Қазақстан Республикасының Үкіметіне БЖӘ шеңберіндегі қызметте және, әсіресе, бұл орынды болғанда ӘІЖЖ және Әріптестіктің жеке бағдарламасы (ӘЖБ) бойынша консультациялар беру және көмек көрсету;

(c) бұл орынды болғанда ӘІЖЖ және ӘЖБ, сондай-ақ ЖТП, ҚҚ-ӘІЖ, Т-ӘІЖ-ны іске асыруға байланысты НАТО өкілдерінің сапарларын ұйымдастыруда консультациялар беру және көмек көрсету;

(d) Қазақстан Республикасындағы НАТО-ға мүше мемлекеттің байланыс елшілігімен (және ЕАӘК-ге мүше елдердің елшіліктерімен, бұл орынды болғанда) өзара іс-қимыл жасау және оларға жаңа ақпаратты тұрақты беріп тұру.

4. НАТО Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігін НАТО/БЖӘ байланыс офицерін тағайындау, оның келуі және кетуі туралы хабардар ететін болады.

4.1. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында НАТО байланыс офицері Қорғаныс министрлігін оның Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруы туралы х а б а р д а р е т е т і н б о л а д ы .

5. Орталық және жергілікті өкімет органдары НАТО/БЖӘ байланыс офицерінің

ведомстволардың өкілдерімен, үкіметтің аға лауазымды адамдарымен байланысын ұйымдастыруды қоса алғанда, НАТО/БЖӨ байланыс офицерінің қызметіне жәрдемдесетін болады.

5.1. НАТО/БЖӨ байланыс офицері өз өкілеттіктері шеңберінде бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс орната алады және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі баспасөз қызметінің жәрдемін пайдалана алады.

5.2. НАТО/БЖӨ байланыс офицері Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарым-қатынастарды және іс жүзіндегі ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететін қажетті ақпаратты беретін болады.

5.3. НАТО/БЖӨ байланыс офицері ӘІЖЖ-ны іске асыруға қатысты Қазақстан Республикасының ведомстволарымен және құрылымдарымен тұрақты кездесулер өткізетін болады.

6. Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқа да құрылымдары мен үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері екі жақтың тиісті инстанцияларының келісімімен НАТО/БЖӨ байланыс офицері мен Қазақстан Республикасының өкіметі арасындағы кездесулерге шақырылуы мүмкін.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі НАТО/БЖӨ байланыс офицеріне және оның отбасына 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қарым-қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктердің дипломатиялық персоналына әдетте берілетіндерге баламалы артықшылықтар, иммунитеттер мен жеңілдіктер береді.

8. Басқа да тиісті халықаралық шарттар бойынша қолданылатын оның артықшылықтары мен иммунитеттеріне қол сұқпай, Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құжаттарын сақтау НАТО/БЖӨ байланыс офицерінің міндеті болып табылады. НАТО/БЖӨ байланыс офицері Қазақстан Республикасында жеке басының баюы мақсатында қандай да бір өзге де кәсіби немесе коммерциялық қызметті жүзеге асырмауға, сондай-ақ ол осы нотада айқындалғандай өзінің қызметтік міндеттерінің сипатына үйлеспейтін басқа да кез келген іс-қимылдардан бас тартуға тиіс.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі НАТО/БЖӨ байланыс офицеріне БЖӨ шеңберінде ынтымақтастық мәселелері үшін жауап беретін тиісті құрылымның үй-жайында офиске арналған қажетті алаң, жабдықтар береді және әкімшілік-шаруашылық қолдау көрсетеді. НАТО/БЖӨ байланыс офицеріне офиске арналған орын уақытша негізде, жалдау ақысы алынбай беріледі. Пайдалану шығыстарын НАТО өз мойнына алады.

9.1. НАТО/БЖӨ байланыс офицері пайдаланатын офиске арналған алаң осы нотамен немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі мен НАТО арасындағы қолданыстағы өзге де шарттармен айқындалғандай, оның функцияларымен үйлеспейтін қандай да бір түрде пайдаланылмауға тиіс.

10. Қазақстан Республикасының Үкіметі НАТО/БЖӘ байланыс офицеріне өзінің қызметтік міндеттерін орындауы үшін уақытша пайдалануға автомашина, жүргізуші, қажет болғанда аудармашы ұсынады.

11. НАТО/БЖӘ байланыс офицері өзінің қызметтік міндеттерін орындауға кіріскенге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен НАТО офис алаңының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттарын келіседі.

11.1 Қазақстан Республикасының Үкіметі НАТО/БЖӘ байланыс офицерінің тиісті қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

12. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен НАТО арасындағы НАТО/БЖӘ байланыс офицерінің қызметіне қатысты кез келген келіспеушіліктер дипломатиялық жолмен шешілетін болады.

13. Тараптардың өзара келісімі бойынша Келісімге Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Бұл хаттамалар НАТО-ның Қазақстан Республикасы Үкіметінің оларды ратификациялау туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енді.

14. Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың біреуі тоқтату күшіне енген күніне дейін туындаған талаптарды шешуді қоспағанда, оның қолданылуын тоқтатуға өзінің ниеті туралы екінші тараптың тиісті жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап үш ай өткенге дейін күшінде қалады.

15. Егер жоғарыда жазылғандар Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін тиімді болса, НАТО Қазақстан Республикасы Үкіметінің Келісімді ратификациялау туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енетін осы хат және Сіздің жауабыңыз Қазақстан Республикасының Үкіметі мен НАТО арасындағы Келісімді құрайтын болады.

Яап де Хооп Схеффер

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі
М ә р т е б е л і

Марат Тәжин мырзаға

MINISTER OF
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ҚАЗАҚСТАН
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ

FOREIGN AFFAIRS
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

А с т а н а қ .

2007 ж. 1 қараша

М ә р т е б е л і мырза,

Бүгін, 2007 жылғы 1 қарашадағы Сіздің Нотаңыз алынғандығы туралы Сізге ізгі құрметпен хабарлап отырмын. Онда былай делінген:

"1. Мен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Солтүстік Атлантика Шарты Ұйымы (НАТО) арасындағы өзара іс-қимыл шараларын жақсарту талпынысына сілтеу жасауды құрмет санаймын. Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзара іс-қимыл шараларын жақсарту Еуро-Атлант әріптестігі Кеңесі (ЕАӘК) мен "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасы шеңберінде қарым-қатынас жасауда маңызды рөл атқаратындығын, НАТО-ның Орталық Азия мен Кавказ өңіріне ерекше назар аударуын орталықтандыру туралы шешімін жақсы түсінуге ықпал ететінін назарға ала отырып, сондай-ақ Қазақстанның НАТО-мен өзара іс-қимылды кеңейту ұсынысына жауап ретінде және 2004 жылы Стамбул саммитінде НАТО қабылдаған шешімге сәйкес мен Солтүстік Атлантика Шарты Ұйымының НАТО/БЖӘ байланыс офицерін тағайындауды ұсынуды құрмет санаймын.

2. НАТО/БЖӘ байланыс офицері "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" (БЖӘ) бағдарламасы шеңберінде ынтымақтастық мәселелеріне жауапты Қазақстан Республикасының тиісті құрылымдарымен, олардың аппаратымен іс-қимылды жүзеге асыруға; Қазақстан Республикасы мен НАТО арасындағы іс жүзіндегі ынтымақтастыққа ықпал етуге; Жоспарлау және талдау процесі бағдарламасы (ЖТП), Әріптестік іс-қимылдарының жеке жоспары (ӘІЖЖ), Қорғаныс құрылысы жөніндегі әріптестік іс-қимылдарының жоспары (ҚҚ-ӘІЖ) және Терроризмге қарсы күрес жөніндегі әріптестік іс-қимылдарының жоспары (Т-ӘІЖ) шеңберіндегі ынтымақтастық бағдарламалары мен іс-шараларын іске асыру жөнінде көмек көрсетуге және консультациялар беруге тиіс.

2.1. НАТО/БЖӘ байланыс офицері сондай-ақ өңірдегі басқа да мемлекетпен (мемлекеттермен) осындай қызметті жүзеге асыра алады.

2.2. НАТО/БЖӘ байланыс офицері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігін өзінің Қазақстан Республикасында болмаған кезеңі туралы хабардар ететін болады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен НАТО НАТО/БЖӘ байланыс офицерінің қызметі, атап айтқанда мыналарды қамтитындығына келіседі, атап айтқанда :

(a) Қазақстан Республикасының өкіметіне ӘІЖЖ, ҚҚ-ӘІЖ, ЖТП, Т-ӘІЖ-ны іске асыруда консультациялар беру және жәрдемдесу;

(b) Қазақстан Республикасының Үкіметіне БЖӘ шеңберіндегі қызметте және, әсіресе, бұл орынды болғанда ӘІЖЖ және Әріптестіктің жеке бағдарламасы (ӘЖБ) бойынша консультациялар беру және көмек көрсету;

(c) бұл орынды болғанда ӘІЖЖ және ӘЖБ, сондай-ақ ЖТП, ҚҚ-ӘІЖ, Т-ӘІЖ-ны іске асыруға байланысты НАТО өкілдерінің сапарларын ұйымдастыруда консультациялар беру және көмек көрсету;

(d) Қазақстан Республикасындағы НАТО-ға мүше мемлекеттің байланыс елшілігімен (және ЕАӘК-ге мүше елдердің елшіліктерімен, бұл орынды болғанда) өзара іс-қимыл жасау және оларға жаңа ақпаратты үнемі беріп тұру.

4. НАТО Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігін НАТО/БЖӘ байланыс офицерін тағайындау, оның келуі және кетуі туралы хабардар ететін болады.

4.1. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында НАТО байланыс офицері Қорғаныс министрлігін оның Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруы туралы х а б а р д а р е т е т і н б о л а д ы .

5. Орталық және жергілікті өкімет органдары НАТО/БЖӘ байланыс офицерінің ведомстволардың өкілдерімен, үкіметтің аға лауазымды адамдарымен байланысын ұйымдастыруды қоса алғанда, НАТО/БЖӘ байланыс офицерінің қызметіне ж ә р д е м д е с е т і н б о л а д ы .

5.1. НАТО/БЖӘ байланыс офицері өз өкілеттіктері шеңберінде бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс орната алады және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі баспасөз қызметінің көмегін жәрдемін алады.

5.2. НАТО/БЖӘ байланыс офицері Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарым-қатынастарды және іс жүзіндегі ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететін қажетті ақпаратты беретін болады.

5.3. НАТО/БЖӘ байланыс офицері ӘІЖЖ-ны іске асыруға қатысты Қазақстан Республикасының ведомстволарымен және құрылымдарымен тұрақты кездесулер е т к і з е т і н б о л а д ы .

6. Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқа да құрылымдары мен үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері екі жақтың тиісті инстанцияларының келісімімен НАТО/БЖӘ байланыс офицері мен Қазақстан Республикасының өкіметі арасындағы кездесулерге шақырылуы мүмкін.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі НАТО/БЖӘ байланыс офицеріне және оның отбасына 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қарым-қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктердің дипломатиялық персоналына әдетте берілетіндерге баламалы артықшылықтар, иммунитеттер мен жеңілдіктер береді.

8. Басқа да тиісті халықаралық шарттар бойынша қолданылатын оның артықшылықтары мен иммунитеттеріне қол сұқпай, Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құжаттарын сақтау НАТО/БЖӘ байланыс офицерінің міндеті болып табылады. НАТО/БЖӘ байланыс офицері Қазақстан Республикасында жеке басының баюы мақсатында қандай да бір өзге де кәсіби немесе коммерциялық қызметті жүзеге асырмауға, сондай-ақ ол осы нотада айқындалғандай, өзінің қызметтік міндеттерінің сипатына үйлеспейтін басқа да кез келген іс-қимылдардан бас тартуға т и і с .

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі НАТО/БЖӘ байланыс офицеріне БЖӘ шеңберінде ынтымақтастық мәселелері үшін жауап беретін тиісті құрылымның үй-жайында офиске арналған алаң, жабдықтар береді және әкімшілік-шаруашылық қолдау көрсетеді. НАТО/БЖӘ байланыс офицеріне офиске арналған орын уақытша

негізде, жалдау ақысы алынбай беріледі. Пайдалану шығыстарын НАТО өз мойнына а л а д ы .

9.1. НАТО/БЖӘ байланыс офицері пайдаланатын офиске арналған алаң осы нотамен немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі мен НАТО арасындағы қолданыстағы өзге де шарттармен айқындалғандай, оның функцияларымен үйлеспейтін қандай да бір түрде пайдаланылмауға тиіс.

10. Қазақстан Республикасының Үкіметі НАТО/БЖӘ байланыс офицеріне өзінің қызметтік міндеттерін орындауы үшін уақытша пайдалануға автомашина, жүргізуші, қажет болғанда аудармашы ұсынады.

11. НАТО/БЖӘ байланыс офицері өзінің қызметтік міндеттерін орындауға кіріскенге дейін Қазақстан Республикасы Үкіметі мен НАТО офис алаңының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттарын келіседі.

11.1 Қазақстан Республикасының Үкіметі НАТО/БЖӘ байланыс офицерінің тиісті қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

12. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен НАТО арасындағы НАТО/БЖӘ байланыс офицерінің қызметіне қатысты кез келген келіспеушіліктер дипломатиялық жолмен ш е ш і л е т і н б о л а д ы .

13. Тараптардың өзара келісімі бойынша Келісімге Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Бұл хаттамалар НАТО-ның Қазақстан Республикасы Үкіметінің оларды ратификациялау туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне е н д і .

14. Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың біреуі тоқтату күшіне енген күніне дейін туындаған талаптарды шешуді қоспағанда, оның қолданылуын тоқтатуға өзінің ниеті туралы екінші тараптың тиісті жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап үш ай өткенге дейін күшінде қалады.

15. Егер жоғарыда жазылғандар Қазақстан Республикасы Үкіметі үшін тиімді болса, НАТО Қазақстан Республикасы Үкіметінің Келісімді ратификациялау туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енетін осы хат және Сіздің жауабыңыз Қазақстан Республикасының Үкіметі мен НАТО арасындағы Келісімді құрайтын болады".

М ә р т е б е л і
Я а п д е Х о о п С х е ф ф е р м ы р з а ғ а
С о л т ү с т і к А т л а н т и к а Ш а р т ы
Ұ й ы м ы н ы ң (Н А Т О)
Б а с Х а т ш ы с ы н а

Брюссель қаласы

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан бұдан бұрынғы уағдаластықтарды, сондай-ақ Жоғары Мәртебелінің нотасы мен осы нота Қазақстан Республикасының

Үкіметі мен Солтүстік Атлантика Шарты Ұйымының (НАТО) арасындағы Келісімді құрайтынын растауды құрмет тұтамын, ол НАТО Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

Жағдайды пайдалана отырып, Сізге деген жоғары құрметімді білдіремін.

Марат Тәжин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК